



16

желтоқсан

Қазақстан Республикасының ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

● ҚАЗАҚСТАНЫМ - ҚАРАШАҢЫРАҒЫМ

БЕЙБІТШІЛІК – ЕҢ АСЫЛ БАЙЛЫҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 8 ЖЕЛТОҚСАНДА ӨТКЕН МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫҒЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ № 11 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ДЕПУТАТЫНЫҢ ОРНЫНА САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

2024 жылғы 8 желтоқсанда Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының № 11 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалған депутатының орнына сайлау өтті.

Сайлаушылар тізіміне 1682 азамат енгізілді. Дауыс беруге – 1100 сайлаушы, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша – 0, дауыс беруге арналған ұйғайлардан тыс – 62 қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны – 3.

№ 11 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихат депутаты сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

Ахметжанов Ақжан Әбжанұлы үшін сайлаушылардың 70 дауысы берілді, Исмағұлов Ермек Кішібайұлы үшін сайлаушылардың 62 дауысы берілді, Сапаров Әлібек Әнуарбекұлы үшін сайлаушылардың 850 дауысы берілді, «Беріне қарсымын» белгісі бар бюллетеньдер саны – 95.

Сайлау қорытындысымен Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының № 11 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша депутаты болып – Сапаров Әлібек Әнуарбекұлы сайланды, ол 1982 жылы туған, «Ноғайбай» ЖШС-нің директоры, Ноғайбай ауылында тұрады, «AMANAT» партиясы ұсынған.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы.

Солтүстік Қазақстан облысы – республикадағы этникалық ауқымдылығы жағынан ерекшеленетін өңірлердің бірі. Бұл жерді мекен еткен 100-ге жуық этнос өкілдері бірлік пен берекені ту етіп, жарасымды өмір сүруде. Қазақстан халқы облыстық ассамблеясының құрамына 28 этномәдени бірлестік кіреді, жергілікті құрылымның жаңартылған құрамының үштен біріне жуығын жастар құрайды. Жүзеге асырылып жатқан кешенді шаралар барлық деңгейде жүргізіліп, аудандарда құрылған 180 этноорталық мәдени мұраны сақтау, қоғамдағы бірлік пен келісімді нығайту жұмыстарына белсене араласуда. Этномәдени бірлестіктер саны бойынша елімізде алдыңғы орындамыз.

Қазақстандық бірегейлік және мәдени ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатымен 2026 жылға дейін қабылданған Тұжырымдама шеңберінде «Қазақ халқына мың алғыс» форумы, «Бірлігіміз жарасқан» фестивалі, «Болашақ үшін есте сақтау» жобасы, «Салт-дәстүр» этномарафоны, тағы басқа да тағылымға толы іс-шаралар өзіндік мәнмен айықталады.

Облыстық ассамблеяның мәртебесін нығайтуда, абырой-беделін арттыруда оның жергілікті құрылымдарына ерекше жауапкершілік жүктелген. Сәуір айында М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті жанындағы қоғамдық негізде жұмыс істейтін «Қазақстан халқы ассамблеясы» кафедрасының он жылдығы кеңінен атап өтілді. Өз алдына шаңырақ көтерген уақыттан бастап 78 әдістемелік басылым әзірленіп, 30-дан астам семинар, 10 экспресс-курс өткізілді. Петропавл жоғары құрылыс-экономикалық колледжі жанындағы «Бейбітшілік және келісім» орталығы «Шекарасыз жол даңғыл», «Бір ел» сияқты мәдени жобалардың жұртшылық арасында кеңінен танылуына ұйытқы болды. Ғалымдар бен сарапшылар ҚХА қызметінің ғылыми негізін қоғамдық-саяси мәселелермен тығыз байланыстыра отырып, мемлекеттік саясатты түсіндіруде нақты ұстанымдар толтамысы әзірлеп, көпшілік талқысына ұсынып отырады. Бұл бағыт бойынша Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті мен «Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» облыстық филиалы арасында тығыз өріпестік ынтымақтастық орнаған.

Бірегей әлеуметтік институт саналатын Қазақстан халқы Ассамблеясы бір шаңырақ астында тату-тәтті тұрып жатқан 120-дан астам этникалық топтар арасында бірлік пен достықты, ұлтаралық бейбітшілік пен келісімді нығайта отырып, әр алуан мәдениеттер, діндер мен дәстүрлер тоғысында ортақ диалог пен ынтымақтастықтың, жарқын жасампаздықтың үлгісін көрсетіп келеді. Бүгінгідей жаһандық сын-қатерлер жағдайында және қоғамның тұрақтылығы үздіксіз дамудың негізгі үрдісіне айналған кезеңде ортақ мақсатқа жету жолындағы біріктірушілік ролі тіпті елшеусіз, маңыздылығы күн сайын артып келеді десе де болмағанды.

Қазан айында ғылыми-сараптамалық топ мүшелері этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысатын белсенділерді кең ауқымды әдістемелік бағдарламамен таныстырды. Былтыр 25 жылдығын атап өткен №17 ұлттық жаңғыру мектеп-кешенінде түрлі этнос өкілдерінің балалары үшін ана тілін үйрететін 10 бөлім бар. Ана лар кеңесі көпбалалы отбасыларды қолдайтын және мұқтаж жандарға көмек көрсетуді ұйымдастыратын «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасын іске асыруда. Халықаралық әйелдер күніне орай өкірде алғаш рет аудандық және ауылдық аналар кеңестері арасында байқау ұйымдастырылды. Маусым айында алғаш рет өткен Әкелер форумы аясында «Әкемен бірге» байқауының жеңімпаздары марапатталды. Өскеген ұрпақ тәрбиесінде буындар арасындағы жарасымды сабақтастықтың, әр жастың бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды ұялатудың мәні айрықша. Бұл міндетті Ақсақалдар кеңесі абыроймен атқарып келеді.

Этномәдени орталықтармен, «Қоғамдық келісім» КММ қызметкерлерімен бірлесіп, білім беру мекемелеріне, еңбек ұжымдарына жиі барады, ұлағатты әңгімелерге көбіне халықтық даналық қағидаларды арқау етеді. Этносаралық жағдайды талдау үшін студенттер арасында әлеуметтік сауалнамалар жүргізілді, бұл жобаға жастар жағы үлкен қызығушылық танытты.

2024 жыл еліміз үшін елеулі сынақ болды. Су тасқынынан ең көп зардап шеккендердің бірі ретінде Солтүстік Қазақстан облысына толассыз гуманитарлық көмектер ұйымдастырылды. Достық үйінде гуманитарлық іс-шаралар мен еріктілердің жұмысын үйлестіретін арнайы штаб құрылып, Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы ерекше белсенділік көрсетті. Худайберген Афандиев, Убайдулло Раджабов, Шыңғыс Құрбанов, Залибек Мхоян,

Наиль Абраев, Рашиль Евдаев, Евгений Кинцель, Дариға Смайылова, Роман Кайзер, Әлішер Қайыржан, Тамир Райымбек сияқты этномәдени бірлестіктер өкілдері мен еріктілер бірде-бір қайырымдылық істен шет қалған жоқ. Бұл шаралар бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып, өзара тығыз әрекеттесуге жалғасты.

Халық арасында Петропавл «ізгі жүрек қаласы» деп те аталады. Бұл теңеуі төтеннен келген табиғи апаттар кезіндегі өзара көмекпен ғана емес, екі жүзге жуық қайырымдылық іс-шаралардың ұйымдастырылуымен, аз қамтылған отбасыларға, мүгедектерге, ардагерлерге, жетім балаларға бірінші мақсат назар аударылуымен сипатталады. Су тасқынынан зардап шеккен отбасылардың балаларына моральдық, материалдық көмектер көрсетіліп, жазғы лагерлерде дем алды. Қалыпты өмірге оралуларына барлық мүмкіндік жасалды. Кішігірім қайырымдылық акциялары балақайлардың есінде ұмытылмастай жатталып қалды.

Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы ұйымдастырған әр іс-шара ауқымды фестивалдерден бастап, кішігірім кездесулер мен мәдени кештерге дейін ерекше маңызға ие. Әлеуметтік бағдарламалар адамдардың этникалық тегіне қарамастан біріктірушілік қағидатын ұстаным етті. Әрбір бастама бітімгершілік пен тату көршілік көзқарасына негізделіп, қыз-қыз қайнап жатқан күн-делікті тіршілікпен біте қайнасып, үндесін жатты.

Келесі жылы Ассамблеяның 30 жылдығы кең көлемде атап өтіледі. Облыс тарихи дата қарсаңында қалыптасқан мол іс-тәжірибемізге сүйене отырып, ортақ мақсат жолындағы бірлігімізге сызат түсірмеу беріміздің басты паразымыз болмақ.

Ғауыз НҰРМУХАМБЕТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі,
Қазақстан халқы облыстық
ассамблеясының төрағасы.

ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ

ТАУАРЛЫ-СҮТ САЛАСЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ КӨПКЕ ҮЛГІ

Тасқынды судан зардап шеккен тұрғындарға ақшалай өтемақы толығымен төленді. Жаңа үйлер «Kaspi», «Қазакмыс», «Қазминерал» компанияларының, «Қазақстан халқына» қорының қаржылай көмегімен және құрылысшылардың үлесімді жұмысының арқасында уақтылы салынды.

Соның нәтижесінде, Петропавл қаласының маңында 700 отбасы қоныстанған «Бірлік» шағын ауданы бой көтерді. Зардап шеккендерге 1 394 пәтер сатып алынды. Сондай-ақ 1 658 үйдің меншік иесі жөндеу жұмысын өздері жүргізіп жатыр. Әрбір бұзылған тұрғын үйді жөндеуге өтемақы төлемдері берілді.

Агроөнеркәсіп кешені облыста әлеуметтік-экономикалық дамуға айтарлықтай әсер ететін өңір экономикасының негізгі саласы болып қала береді. Биыл жауын-шашын егін жинау жұмысын айтарлықтай қиындатты. Соның салдарынан орақ қарқыны баяу жүрді. Десе де, биылғы егін науқанының нәтижесі кейінгі 10 жылдағы ең сәтті көрсеткіш ретінде сипатталады.

Дикандар 18,6 ц/та өнімділіктен 6,2 миллион тоннадан астам астық жинады. Бұл – аграршылардың жүйелі жұмысының және мемлекеттің қолдауының арқасы. Облыс министрлігі тыңайтқыштарды қолдану бойынша жылда тектескі оранды иеленді. Өткен жылы 190 мың тонна тыңайтқыш қабылдана, биыл ол көрсеткіш 256,6 мың тоннаға құрады.

Облыста машина-трактор паркін жаңарту жалғасып жатыр. Жыл басынан бері шаруалар 52 миллиард теңгеге 2 мыңнан аса техника сатып алды. Алғаш рет отандық ауылшаруашылығы техникаларының түпкілікті мөлшерлесімін жылдығы 5 пайызды құрайтын жеңілдіктен лизинг-ке беру бағдарламасы іске қосылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен СҚО-ның сүт-тауар фермасы бойынша тәжірибесі бүкіл республикаға таралып жатыр. Қазіргі заманғы цифрлық фермалардың құрылысына өткен жылы республикалық бюджеттен 17 млрд теңге бөлінді. Бүгінгі таңда 19 сүт кешенінің 11-і аяқталып, іске қосылды.

Жаңа сүт фермаларының барлығы – өнеркәсіптік. Ондағы мал саны 400-ден 1500 басқа дейін. Бұл – заманауи технологиялармен жабдықталған ірі кешендер. Генетикалық әлеуеті жоғары шетелдік селекцияның жоғары өнімді малдары. Бұл фермалар толық қуатқа шыққанда қосымша 70 мың тонна сүт өндіріліп, 500 жұмыс орны ашылады.

Өңірде ет өндіру саласы табысты дамып келеді. Құс етінің импорттық тәуелділігін алмастыру мақсатымен облыста қуаттылығы жылына 6,5 мың тонна болатын 2 құс еті фабрикасы салынды. Шошқа фермасын 100-ден 200 мың басқа дейін кеңейту жалғасып жатыр. Жоба



Биылғы көктем Солтүстік Қазақстан облысына оңайға соқпады. Өңір инфрақұрылымына су тасқынынан үлкен залал келді. Облыс аумағындағы 4 мыңға жуық үйді су басты. Оның тең жартысы – Петропавлдағы үйлер. Су тасқынынан зардап шеккендерге мемлекет тарапынан барлық қажетті көмек пен қолдау көрсетілді. Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз жиынында Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Fayez Nurmukhambetov өңірдің даму көрсеткіштеріне тоқталды.

қуаты ұлғайғанда, ет өндіру көлемі 20 мың тоннаға дейін артады. Кәсіпорын елдегі ең ірі кәсіпорынға айналады.

«Зенченко и К» шаруашылығы қуаты жылына 13 мың тонна майлы дақылдарды өңдейтін цех салып жатыр. Өңдеу қуаты 1,5 есеге артып, жылына 54 мың тоннаға дейін сүт дайындайды. Сонымен қатар командирлік серіктестік 8 мың басқа арналған тауарлы-сүт фермасын салуда. Кешен еліміздегі ғана емес, Орталық Азиядағы ең үлкен кешен болады. Ал «Евразиян милк» ЖШС қоюлатылған сүт өндіретін цехтың құрылысын жүргізіп жатыр. Шикізатты қайта өңдеу қуаты жылына 92 мың тоннаға дейін артады.

«Мемолокс» ЖШС қуаты тәуелігіне 1 мың тонна болатын құрама жем зауытының құрылысын аяқтағалы отыр. Бұл жобаларды жүзеге асыру арқылы майлы дақылдарды өңдеу үлесі артады. Сондай-ақ дайын сүт өнімдерін өндіру 370 мың тоннаға дейін жетеді. Жалпы, 10 айда мал шаруашылығы сүт өндіруді 5,6, ал жұмыртқа өндіруді 4,3 пайызға өсірді.

Облыста өңдеу өнеркәсібінің үлесі 80%-ға жетеді. Өнеркәсіп саласында 46 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Инвестицияның жалпы көлемі 755 млрд теңгеге құрайды. Оларды іске асыру барысында 7 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік туады.

«Түрік инвесторы өңірімізде Орталық Азиядағы ең ірі ағашты терең өңдеу

зауытын іске қосты. Инвестиция 8 млрд теңгеге құрады. Кәсіпорында 300 адам жұмыс істейтін болады. Жылына 50 мың текше метрге дейін өнім шығару жоспарланып отыр. Айтпағымыз, «Қызылжар» АЭА аумағында осылайша ағаш өңдеу кластері құрылып жатыр», деді облыс әкімі.

Жыл басында облыста инновациялық 4-буын жылыжай кешені іске қосылған еді. Мұнда күніне 16 тоннаға дейін қияр жиналады. Жаңа жылыжай облыс тұрғындары сұранысының үштен бір бөлігін өтейді. Оған қоса, «МаслоДел» компаниясының экстракциясыз май өндіру зауыты іске қосу сатысында тұр. Өндіріс Орталық Азия елдеріндегі ең ірі зауыт болады. Кәсіпорын қуаттылығы 370 мың тонна майлы дақылдарды өңдеп, 120 мың тонна дайын өнім алуда мүмкіндік береді.

Қазір облыс орталығында қосқабатты 32 тұрғын үй салынып жатыр. Оның 20-сын жеке құрылыс салушылар қаржыландырады. Қауіпті және тозағы жеткен үйлердің орнына жаңартылған, заманауи шағынаудандар бой көтеріп келеді. Жыл соңына дейін облыста 330 мың шаршы метр тұрғын үй қолданысқа беріледі деп жоспарланып отыр.

Өңірде жыл сайын кемінде 700 шақырым жол жөндеуден өтеді. «Биыл 1 мың шақырымнан аса жол жөндеді. Оның қатарында 208 шақырым республикалық, 630 жергілікті, ал 163 шақырымы ауыл-

шілік жолдар. Жылдың қорытындысы бойынша стандартты жағдайдағы жергілікті желідегі автомобиль жолдарының үлесі 84%-ға, республикалық желіде 87%-ға дейін ұлғайтылды», деді брифингте Fayez Nurmukhambetov.

Оның айтуынша, алдағы 4 жылда Петропавл қаласының барлық көшесін асфальттау жоспарланған. Ал биыл қаланың 57 көшесінде жөндеу жүргізіліп, оның 39-ында алғаш рет асфальт төселген. Алдағы жылдары облыс орталығында асфальтсыз жабдырлардан толықтай бас тарту жоспарланып отыр.

Өңірде апатты мектептер мәселесі толығымен шешілген. «Береке» шағын ауданында арнайы мектептің құрылысы аяқталды. Жаңа ғимарат арнайы мектептердегі орын тапшылығын толығымен шешті. Оқу ғимараты 300 орындық, 50 орындық мектеп-интернаты да бар. Қазір мұнда 220 бала білім алып жүр. Өткен қараша айында «Орман» шағын ауданында 600 орындық жайлы мектеп ашылды. Сондай-ақ, «Береке» шағын ауданында да 600 орындық дәл сондай мектеп құрылысы жүргізіліп жатыр.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында облыста 46 медициналық нысанның құрылысы жоспарланған. Өткен жылы олардың 8-і пайдалануға берілген еді. Биыл 38 медициналық нысан салынып жатыр.

Облыстағы шалғай ауыл тұрғындарына телемедицина бойынша қызмет көрсету қанатқақты жобасы қолға алынды. Ал 16 «Лимстар» телемедициналық кешені дәрігерлерге қашықтан консультация беруге және қосылған медициналық датчиктерді пайдалана отырып, ауылдық пациенттерді тексеруге мүмкіндік береді.

Өңірде жан біткенді керемет көркемдігімен өзіне тартатын Имантау-Шалқар курорттық аймағы орналасқан. Ол жер туралы брифингте облыс әкімі мақтаншымен айтты. «Біз баршаңызды өзінің бай және таңғажайып табиғатымен таңғалдыратын курорттық аймағымызға келуге шақырамыз», деді ол.

Негізі, облыста 3,9 мың демалушыны қабылдайтын 46 демалыс базасы бар. Ондағы 9 нысан жыл бойы жұмыс істейді. Инвесторлар жыл бойы жұмыс істейтін эконокап үйлер мен глэмингтер салу бойынша 16 жобаны жүзеге асыруға кіріскен. Демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Шалқар мен Имантау көлдерінде 2 судан құтқару бекеті салынды. Бүгінде курорттық аймақ ішіндегі жолдар ретке келтірілді. Лобанов ауылынан Ақмола облысының шекарасына дейінгі жолға асфальт төселген.

Бұған қоса, облыс орталығында үстел теннисінің заманауи орталығы мен «Қызылжар» креативті индустрия орталығы ашылды.

Нұрбай ЖОЛШЫБАЙҰЛЫ.

С АУДАНДЫҚ МАСЛИХАТ

МӘСЛИХАТТЫҢ ЖИЫРМА БІРІНШІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ



Депутаттар күн тәртібіне шығарылған ауданның 2024-2026 жылдарға арналған бюджетіне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы; ауылдық округтердің және Булаев қаласының 2024-2026 жылдарға арналған бюджеттеріне өзгерістер енгізу туралы; аудандық мәслихаттың 2023 жылғы 24 қазандағы № 7-3 «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның

9 желтоқсан күні сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың жиырма бірінші сессиясы өтіп, оған аудан әкімі Рахат Смағұлұлов, мемлекеттік орган басшылары және шақырылғандар қатысты. Сондай-ақ сессияның жұмысы Facebook желісі арқылы тікелей көрсетіліп, оны ауылдық округ әкімдері онлайн тамашалады.

мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы; 2024 жылғы 24 мамырдағы №14-22

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға,

сұрыптауға және кемуге арналған тарифтерді бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы; аумақтық, округтік және кейбір учаскелік сайлау комиссиялары құрамдарындағы өзгерістер туралы мәселелерді қарады.

Күн тәртібіне шығарылған сұрақтар бойынша депутаттар дауыс беріп, тиісті шешімдер қабылдады.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

АУДАНДА ЕҢБЕК ЕТКЕН ПОЛИЦИЯ АРДАГЕРЛЕРІ БАС ҚОСТЫ



Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімінде әр жылдары жемісті еңбек етіп, жергілікті жерде қоғамдық тәртіптің орындалуын жіті қадағалауға бір кісідей үлес қосқан ішкі істер қызметкерлерінің бір топ ардагерлері өзара бас қосып, алдағы кезеңге жоспар құрды. Еңбек жолдары әр кезеңде өтсе де, бір шарада бастары қосылған үш ұрпақтың өкілдері осы шараға қатысушыларды үлкен ойға жетеледі. Салтанатты кездесуде ақсақалдық жасқа жеткен абыз ағалар алдыңғы сапта тұрып данагерлік танытса, ортадан ел ағасына айналған абзал жандар жеке құрам салында қызметте жүрген бүгінгі өріптестеріне ағалық жол сілтеп, сыйластықтың нағыз үлгісін көрсете білді.

Бұл күнгі бас қосу – полиция бөлімі жанындағы бастауыш ардагерлер ұйымының бір жылда атқарылған жұмысын бағалауға арналды. Аталмыш шараға СҚО ПД облыстық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Михаил Бедных, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Үмітбек Фархадов пен әр жылдары ауданда еңбек еткен полиция ардагерлері қатысты. Осыған орай, бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Ғалым Әлдиковен есеп беріп, жиналғандарды атқарылған жұмыстармен таныстырды. Оның айтуынша, аудандық ұйым құрамына қазір 37 адам кірген екен.

Біздің ұйымның құрамында 1 – Ауған соғысының қатысушысы, 1 – жергілікті соғыс аймағында болған жауынгер бар. Жыл басынан бері ұйымның екі мүшесі тұрғылықты жерін ауыстыруға байланысты ауданнан көше, олардың орнын зейнетке жаңа шыққан екі зейнеткер толықтырды. Жалпы бастауыш ардагерлер ұйымына жүгінген зейнеткерлерге біз аудандық полиция бөлімінің басшылығымен бірлесе отырып, барлық қажетті қолдауды

жасап келеміз. Мәселен, қайтыс болған қызметкерлердің отбасына материалдық көмек жасап, отын, көмір, мектепке қажетті құрал-жабдықтар сатып аламыз. Сондай-ақ біз жыл бойы өзінің мерейтойын атап өткен ардагерлерді құттықтап, сыйлықтар жасаймыз. Әрине, бұл ретте, полиция саласында еңбек еткен әйел қызметкерлерді Жаңа жыл, 8-ші наурыз – Халыаралық әйелдер күнімен құттықтап, гүл шоқтары мен естелік сыйлықтар табыс етеміз. Мен біздің ұйымның атынан Полудин ауылындағы «Мағжан Жұмабаев ауданының өмірлік қиын жағдайына тал болған балалар

ды қолдау орталығы» КММ қамқоршылық кеңесінің құрамына кіремін. Осылайша, балаларға қолдау көрсетуге де біздің ұйым өз үлестерін қосуда, - деді Ғалым Балашұлы. Жиналған қауым бастауыш ардагерлер ұйымының жұмысын оң бағалап, Ғалым Әлдиковның одан әрі төрағалық етуін қалап, бірауыздан дауыс берді. Кездесу соңында сөз алған Михаил Бедных аудандық бастауыш ардагерлер ұйымының атқарған қызметін одан әрі жалғастырып, ескең ұрпақпен тығыз байланыста болуды, ардагерлерді қолдауды одан әрі дамытуды және әртүрлі іс-шаралар ұйымдастыруды тапсырды. Сондай-ақ бұл күні Михаил Петрович бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Ғалым Әлдиковке ардагерлерді қолдау ісіне қосып келе жатқан зор еңбегі үшін облыстық полиция департаменті басшысының атынан естелік сыйлық табыс етті.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

АУДАН ТҮРГЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНДА «НОМЕ CREDIT BANK» АҚ ШАҒЫН КЕҢСЕСІ АШЫЛДЫ

ЖЕЛТОҚСАННЫҢ БАСЫНДА БУЛАЕВ ҚАЛАСЫ, СӘБИТ МҰҚАНОВ КӨШЕСІ, 46Б (АВТОВОҚЗАЛ ҒИМАРАТЫНДА) МЕКЕНЖАЙЫ БОЙЫНША «НОМЕ CREDIT BANK» АҚ ШАҒЫН КЕҢСЕСІ АШЫЛДЫ.

Бұл кеңсе жоғары мөлшерлеменен депозиттерді, жоғары көшбөкпен дебеттік карталарды, тиімді шарттары бар зейнетақы карталарын, сондай-ақ 6 айға бөліп төлеу карталарын және 23 пен 75 жас аралығындағы клиенттер үшін ресімдеуге қолжетімді төмендетілген пайыздық мөлшерлеменен кредиттерді ресімдеу жөніндегі қызметтерді ұсынады.

Офисте клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджер Людмила есімді маман жұмыс істейді. Барлық сұрақтар бойынша дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін жүгінуге және 8-775-397-45-94 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Қанат ӨТЕМУРАТОВ.



МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

ВОЛОНТЕРЛЕР - ҚОҒАМ ИГІЛІГІ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Волонтерлер - қоғам игілігі үшін тегін және өз еркімен қызмет ететін адамдар. Адамдардың күлкісін көру, қуанышын сезіну, жаңа дағдыларды игеру, қызықты таныстықтар, өмірлік тәжірибе алу - бұл волонтердің алатын пайдалардың бір бөлігі ғана.

Волонтерлердің қоғам өміріндегі рөлінің маңыздылығы барған сайын күшейе түсуде. Оған біздің елімізде Мемлекет басшысының 2020 жылды «Волонтер жылы» деп жариялауы дәлел бола алады. Волонтерлер мен волонтерлік ұйымдарды қолдау өлі күнге дейін жалғасын тауып келеді десек қате айтқанымыз болмас.

11 желтоқсан күні ауданымыздың орталығында орналасқан Мәдениет үйінде волонтерлер күніне арналған мерекелік бағдарлама болып өтті. Мерекелік бағдарлама «Біз біргеміз» атты видео-роликтен басталса, кейін салтанатты көшті ашу үшін Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Гүлжан Серікқызы сөз алып, ауданымыздың дамуына үлес қосып жүрген барша волонтерлерді мерекемен құттықтап ізгі тілегін білдірді.

Құрметті ауданымыздың волонтерлері! Сіздерді мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын. Волонтер болу – жүрек қалауы. Бүгінде елімізде тіркелген волонтерлер қатарында оқушылар, студенттер, жас мамандар, тіпті зейнеткерлер де бар.

Құрметті достар! Қоғамға пайдалы іс-шараларға атсалысатын, қайырымдылық жобаларын жүзеге асыратын және мұқтаж адамдарға қамқорлық танытатын барша



еріктілерге алғысын шексіз. Сіздерді сондай-ақ алда келе жатқан 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын, - деді құттықтау сөзінде.

Айта кету керек, шара барысында еліміздің дамуына және су тасқыны кезінде аянбай

қызмет атқарған және ауданымыздың дамуына үлес қосып жүрген бірқатар азаматтар мен азаматшалар Алғыс хатқа ие болды. Мәдениет үйінің және «Легион» би тобының дайындаған керемет концерттік бағдарламаны тамашалады.

Иә, «Ерікті болу – ерлікпен тең» деп

дана халқымыз бекерге айтпаса керек. Сол себепті мағжандық еріктілердің ерен еңбектері ақталып, олар келекешекте де азаматтық қоғамның дамуына айрықша үлес қосатынына сенімдіміз мол.

Қанат ӨТЕМУРАТОВ.

ЭНЕРГЕТИКТЕРДІҢ ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ



Бүгін еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуының іргетасы болып табылатын еңбек ұжымдары лайықты құрметке ие. Әсіресе, біздің экономикамыздың ажырамас бөлігі болып табылатын электр қуатынсыз мүмкін болмайтын секторларды жұмыс істейтін жандардың еңбегі орасан зор. Бұл ретте, энергетика саласының ерекше әлеуеті – жұмысшылардың кәсібилігінде екені даусыз. Олардың жауапкершілігі, шеберлігі мен өз ісіне деген адалдығы қай уақытта да саланың ең маңызды дәстүрі болып қала береді.

Булаев ауданының электр желілері ұйымы 1959 жылы құрылып, ол Васильевка ауылында орналасқан екен. Алғашқы бастығы Арген Болатұлы Кенжеболатов болған. Тек 1963 жылы ғана ұйым Булаев қаласына көшірілген. 1967 жылы аудандық электр қуатымен қамту 100 пайызға орындалады. 1970-1992 жылдары аралығында ауданда электр желілерін реконструкциялау жұмыстары жалғасып, он шақты елді мекенде қосалқы станциялар салынады.

1997 жылы Возвышен ауданы Булаев ауданына қосылып, тиісінше, онда электр желілері ұйымы Булаев аудандық электр желілері ұйымының құрамына кіреді. Ал 2000 жылы Булаев электр желілері Мағжан Жұмабаев ауданы болып өзгертіледі. Бүгінгі таңда ауданда 10 кВ электр тасымалдау әуе желілерінің ұзындығы 843 шақырымды, ал 0,4 кВ әуе желілерінің ұзындығы 914 шақырымды құрайды. Осылайша, аудан энергетиктері 7,81 мың шаршы метрді құрайтын аумаққа қызмет етеді.

Қазір кезде Мағжан Жұмабаев аудандық электр желілері ұйымында 80 қызметкер (Булаевта - 50 адам, Возвышенкада - 30 адам) еңбек етеді. Булаев қаласында №1 және

Желтоқсан айының әрбір үшінші жексенбісінде Қазақстанда Энергетик күні - еңбегі қаралайым азаматтар мен жалпы мемлекеттің өмірінде жылумен, жарықпен және аспаптарға, аппаратураларға, станоктарға және т.б., яғни электр және жылу энергиясымен қамтамасыз ету сияқты маңызды міндетпен байланысты адамдардың кәсіби мерекесі атап өтіледі. Осыған орай, біз бүгін Мағжан Жұмабаев аудандық электр желілері ұйымының қызметіне тоқталатын боламыз.

2, Конохов, Қараоқа, Қарағанды, Золотая Нива, Советское және Возвышенка ауылдарында шебер учаскелері жұмыс істейді. Бұл бригадалар жоспарланған кешенді жоспарды орындап, авариялық жағдайларды ретке келтіріп жөндейді, - дейді Мағжан Жұмабаев аудандық электр желілері ұйымының басшысы Евгений Муралин.

Мәселен, 2016 жылдан бері ауданда 0,4 кВ әуе желілерін реконструкциялау жүргізіліп, Булаев қаласы бойынша оқшауланбаған сымдарды СИП-4 (өзін-өзі қамтамасыз ететін оқшауланған сым) оқшауланған сымдарына ауыстыру жұмыстары орындалып келеді. Нәтижесінде жалпы ұзындығы 70 шақырым электр желілері жөндеген екен, бұл бағыттағы жұмыс жоспарға сай жалғасын табады. 2026 жылы Булаев қаласы бойынша жоғарыда аталған жұмыстарды толық аяқтау жоспарланған.

- Бұл реконструкция жұмыстарының арқасында біз сапалы электр желілерін таратуды жүзеге асыруға, сымдарды айқастырылуын жоюға және сымдарға әртүрлі заттарды лақтырып ілуге жол бермеуге қол жеткіземіз. Бұл жағдайда, бірінші кезекте, қауіпсіздік мәселесі толық шешіледі. Сондай-ақ жыл сайын жоспарға сәйкес ағаш бағандарды бетон бағандарға ауыстыру жұмыстары кеше жарығын реконструкциялауға, жарықдиодты шамдар орнатуға мүмкіндік беріп отыр, - дейді Евгений Викторович энергетика саласының

жаңғырту жұмыстарына тоқталып.

Өткен жылдың 18 қарашасында ауа райының қолайсыздығынан облыстың 11 ауданында электр жарығы үзіліп, 217 елді мекен немесе 33 мың абонент жарықсыз қалғаны есімізде. Ең күрделі технологиялық ақау біздің ауданда тіркелген болатын. Осы кезде аудан энергетиктерінің сын сағатта ұйымшылдық танытып, қолайсыз ауа райында электр желілерін қалпына келтіруге атсалысқанын ерекше еске аламыз.

- Иә, 18 қараша күні ВЛ-110 кВ «ПТЭЦ-2-Булаев-мұнай» тірегі істен шығып, аудан толықтай электр қуатынан ажырап қалды. Қар мен қатты жел салдарынан электр тарату желілеріне мұз қатып, сымдар үзіліп кеткен болатын. Аудандағы бригадалар жүздеген шақырым электр желілерін тәксеріп, бір апта бойы апат орындарында таңертеңнен түнге дейін күшейтілген режим тәртібінде жұмыс істеді.

Желді әрі боранды күні биіктікте жұмыс істеудің және мұз қатқан бағанға шығудың өзі аса ауыр болатын. Дегенмен, мағжандық энергетиктер батылдық танытып, мұздарды ойып отырып, өрмелей жоғарыға шығып, сымдарды жалғауды жалғастыра берді. Нәтижесінде бір күннен кейін Булаев қаласында электр қуаты қалпына келтірілсе, әр күн сайын басқа да елді мекендер жарыққа қосылып отырды. 24 қараша күні ауданда апат жойылып, ауданның барлық елді мекеніне толық жарық берілді.

Бұл кезде аудандық электр желілері ұйымының барлық қызметкері бір адамдай ұйысып, апат учаскелеріне шығып, бір-біріне қолдау көрсетті. Әрине, басшылық тарапынан апатты жойып, қалпына келтіру жұмыстарына атсалысқан барлық қызметкерлерге сыйақы мен қосымша демалыстар берілді.

Біздің ұйымның басты мақсаты – халыққа сапалы қызмет көрсетіп, тұрғындарды үздіксіз электр жарығымен қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан біз ұжым болып уақытпен санаспай, осы бағытта тынымсыз еңбек етіп келеміз, - дейді өткен жылғы естелігімен бөліскен Мағжан Жұмабаев аудандық электр желілері ұйымының басшысы.

Осы ретте, біз Мағжан Жұмабаев аудандық электр желілері ұйымы қызметкерлерінің ерен еңбегін атап өтіп, ауа райының қолайсыздығына қарамастан апаттың салдарын жоюға атсалысқан барша энергетиктердің алдында бас иеміз.

Өз істеріне асқан жауапкершілікпен қарап, энергетика саласында мінсіз қызмет атқарып келе жатқан жандарды кәсіби мерекелерімен құттықтап, оларға шын жүректен зор денсаулық, еңбектеріне табыс, кәсіби жетістіктер мен отбасылық амандық пен бақыт тілейміз!

Еркін ТӨЛЕГЕН.

СУРЕТТЕРДЕ: Мағжан Жұмабаев ауданының электр желілері ұйымы, «СевКазЭнергоСбыт» ЖШС, Булаев қаласындағы №1 және №2 шебер учаскелерінің қызметкерлері, Булаев автокөлігіне жүргізушілері, диспетчер Ирина Бородихина, шебер учаскесінің шебері Дмитрий Моисевичко.



С 16 ЖЕЛТОҚСАН - ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

АЗАТТЫҚТЫ АҢСАҒАН АЛАШТЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ

Ақын едің, күн боп едің
Мезгіл жетпей сендің сен.
Сонда дағы борышыңды
Адамзатқа бердің сен. (Қ.Аманжолов)
Қазақ халқының әдебиет туғырындағы
алтын кезеңі, сарқылмас өзені Абай
болса, ал Мағжан дамытқан – қаусар
бұлағы. Мағжан қазақ поэзиясының өсіп-
өркендеуіне зор үлес қосты. Егер даныш-
пан Абай – поэзия тәңірі болса, Мағжан
– поэзия пайғамбары. Мағжан өлеңдері
14 жасынан бастап жарық көре бастады.
Жасынан өнер-білімге ынтығып өскен
Мағжан қазақ ақындарынан Бұхар жырау,
Дулат, Сүйінбайларды жоғары бағалап, ал
Абайды айырықша танып, ұстаз тұтқан. 19
жастағы Мағжан тәуелсіздікті аңсап, қазақ
елі күндердің күнінде отаршылдық бұғауды
талқандап, теңдік туын көтереді деп сенген
болатын. «Осы күнгі күй» атты өлеңінде:

Жер кетті, жаңың кетті, қам жемедің,
Құл болдың, қара табан енді маңсыз.
Ортаға қамап алып қырып жатыр
Қара жүрек «надандық» қолмен сансыз.
Қазғым, арыстаным, қайратты ерім,
Тұрдың ба қару қылмай, құр амалсыз? –
деп жас ақынның жан айқайы қалың қазақты
оытып, тарихтан өз ұлтына орын іздеуге бас-
тайды.

Дүние астан-кестен болып жатқанда
білімді, тұңғыш ойлы азамат ақын азаттық
көксеген өз халқына бабаларының өрлік
дәстүрін жаң етті. «Жер жүзіне» атты
өлеңінде ақын:

Жер жүзіне ер атағым жайылған,
Жан емесің, оттан, судан тайынған.
Қайраты мол қанды балақ қыранмын,
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған,
– деп сүйген халқын бірлікке, достыққа
шақырады.

Ерте күнде отты Күннен Гүн туған,
Отты Гүннен от боп ойнап мен туғам...
– міне Мағжанның жан айқайын осы
шумақтардан көре аламыз.

Ұлы дарындарға ортақ қасиет – өздері
өмір сүрген дәуір шындығын деп басып
тани біліп қана қоймай. Болашақты да тура
болжай білген, көміл сенген. Мағжанның
өзіне де, өзеге де айтарын мына жолдар-
дан байқауға болады:

Күншығыстан таң келеді – мен келем,
Көк күңіренеді: мен де көктей күңіренем.
Жер жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, күн берем! – деп
жас Мағжан бұлай асқақтамаса, Мағжан
бола ма? Жас Мағжанның шабыты шалқын,
жігері тасығанда:

Арыстаным, айбатыма кім шыдар?
Жолбарысың, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде – желмін гүлеген,
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар? – деп
айбат шегеді.

Отарлық тас құрсау, құлдық өкпесін
қысқанда:
Жүрегім, мен зарлымын, жаралыға –
Сұм өмір абақты қол саналыға,
Қызыл тіл, қолым емес кісендеулі
Сондықтан жаным күйіп жананды да –
деп мойымай айта алады. Осы екі шумақ
өлең жолдарынан сол дәуірде қазақ халқы
бастан көшкен ауыр халі айқын білінеді.

Не көрсем де Алаш үшін көргенім,
Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім!
Мен өлсем де Алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенім!...

Міне ұлы ақынның айтары осы. Елінің
тәуелсіздігін аңсап, шеккен азабына
мойымай, туған халқын шексіз сүйіп, кел-
ешектен үміт күткен ақынның бейнесі,
өлеңдері халқының жадында мәңгі
сақталып, оның ұлтжандылығы өскелең
ұрпақ тәрбиесінде үлгі болары сөзсіз.
Бүгінгі тәуелсіз Қазақ елінің азаматтары
дана ақынның қайсар рухына бас иіп тағзым
етпеуге хақы жоқ шығар деп ойлаймын.

Айгүл ТЕНДІҚҚЫЗЫ,
«Мағжан Жұмабаев музейі»
филиалының директоры.



С ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ

ЖЕЛТОҚСАН Оқиғасы - ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ

Ресми түрде «1986 жылғы 17–18
желтоқсан оқиғасы» делінетін тарихи
белесте қазақ жастары билеуші
партияның өктем озбырлығына қарсылық
танытып ереуілдеген-тін. Өкіметтің
оны дөрекі түрде басып-жаншуы бары-
сында ереуіл ұшығыл, саяси көтеріліс
дәрежесінде өрістеді және тарихта терең
із қалдырды. Сол дүрбеленді күндерде
Совет Одағының тұғырын шайқалтқан,
тоталитарлық мемлекетті ыдыратып,
құрамындағы одақтас республикалар-
ды жеке-жеке, дербес мемлекеттерге –
тәуелсіз мемлекеттілікке ұмтылған жаңа
тарих бастау алды.

Республика басшылығының ауыстыры-
луы – ұлт мәселесіндегі бұрмалауларға
лық толған саяси қазанды кемерінен
асырып жіберген зәрлі тамшы болған-тын.
Сол тамшының қамшылауымен максималист
қыз-жігіттер «Тәуелсіз республикалар
одағы» деп аталатын жасанды тәж киген,
турасында, байырғы империяның жалғасы
бол шыққан совет еліндегі отаршылдық
және орыстандыру саясатына наразылық
білдірген еді.

Қазақстан Компартиясы Орталық
Комитеті пленумының мүшелері, яғни
республиканың бетке ұстар саяси
элитасы партия ұйымын ширек ғасырға
жуық басқарған жетекшінің орнынан көзді
ашып-жұмғанша босатып, ешқашан
Қазақстанда болмаған, жергілікті
жағдайды білмейтін, жұртшылыққа
беймәлім қызметкерді бірінші хатшы етіп
бір ауыздан сайлай салды. Ең таңдаулы
деп саналатын жоғарғы билік мүшелерінің
бірде-бірі не босатылған басшыға ұзақ
жылдарғы қызметі үшін алғыс айту
ілтпатын білдірмеді, не жаңа басшыға
осында жүзеге асырмақ бағдарламасы
жайында бір де бір сұрақ қоймады. Яғни
ұлт болашағы жайында халық мүддесіне
жауап берерлік ой түймеген. Мәскеудің
нұсқауын бұзудан қорқатын, қазақтың
емес, жеке бастарының тағдырын ғана
ойлауға машықтанған тоғышар тобыр
кейіліп танытты.

Ал ұлттық сана-сезімі сергек
жастар мұны Мәскеудің қазақ халқын
масқаралап, кемсітуін жалғастырғаны деп
ұқты. Сондықтан да жаңа басшы «таққа
отырған» күннің ертеңіне, 1986 жылғы 17
желтоқсанда, астана көшелерімен толас-
сыз ағылып, орталық алаңға жиналды.

Тендесісі оқиға осылай тұды. Билеуші
топтың Кремль шешіміне құлақтесті құша
мойынсұнуын мойындамаған қыз-жігіттер
жасаған бейбіт демонстрация лезде еш
баламасы жоқ саяси көтеріліске ұласты.

1986-шы желтоқсанның қаһарлы
күндерінен бері көп уақыт өткенмен,
саяси бас көтерер оқиғасы ұмытылған жоқ,
керісінше, терең түсініліп, маңызы артып
келеді. Жазалаушылар демонстранттарды



бір жайпап өтіп, көптеген қыз-жігітті «жедел
жәрдем» әкеткеннен кейін, алаңның төрт
шетінде лаулап өртеніп жатқан жылжы-
майлы милиция бекеттерінің ортасында
деңгелене шоғырланған жастар бар да-
уыспен: «До-лой, Кол-бин!», «Жа-са, қа-
зақ!» деп ұрандатты.

Осы қарапайым қос тіркеске қазақ
халқының ғасырлар бойғы арман-мүддесі
тоқылған еді. Орталықтың эмиссары
оларға халқымыздың ұлттылық тұрғыдан
өркендеуіне шек қойып келе жатқан
отаршыл биліктің тап өзінде көрінген.
Сондықтан да оны қабылдағысы келмей,
«Долой, Колбин!» деген қысқа ұранымен
республиканы қуырық еткен орталық
қамытты қаусататын уақыттың жеткенін
мәлімдеген-ді. Ал құқтары тым шектелген
халқымыздың мәртебесін «Жаса, қазақ!»
деп ашық көтерудің астарында шынайы
теңдікке жету, азаттық алу арманы,
тәуелсіздікке қол жеткізу идеялары жатқан.

Саяси тәжірибесі жоқ жас азаматтар тап
сол кезде мұндай мағынадағы тұжырымға,
өріне, саналы түрде келді дей алмаймыз,
олардың бұл жасампаз ұрандары мүлдем
табиғи түрде, жағдайға сай шыққан еді.
Жақша шіндегі «тәуелсіз социалистік
қазақ мемлекеті» тың көтеру жылдары
жаңаша отарланғаны мәлім. Қазақ халқы
өз елінде 29% боп, барлық тұрғындардың
үштен біріне де жетпейтін деңгейге түсті.

Қазақ мектептері жабылып жатты, орыс
тілі отарлаудың пәрменді құралына ай-
налдырылды. Орыстандыру саясаты:
«Коммунизмге орыс тілімен барамыз!»,
«Орыс тілі – екінші ана тіліміз!»
ұрандарымен пәрменді жүргізілді. Совет
Одағының сол кезгі басшысы Н.С. Хрущев
«патшалықтың жүздеген жылдар бойы
жасай алмағанын аз ғана жылда жүзеге
асырдық» деп мақтанды, «түрі ұлттық,
мазмұны пролетарлық» негізде «жаңа
адам қалыптастыру» – коммунистік
идеологияның өзегі болды.

Орысша оқу салтқа, мақтаншыққа ай-
налдырылды. Орыс тілін білмей қалада
өмір сүру, жұмыс істеу мүмкін болмай
қалды. Өз тамырынан ажырап, орыстанған
адамдар «интернационалист» ретінде
мадақталды. Қазақтарға өз елінің астана-
сы Алматыға тіркелу қиынға түсті. Мұндай
келеңсіздіктер республиканы жергілікті
ұлт өкілі басқарып тұрғанда, «ұлт мәселесі
шешілген» деп дөріптелген кезеңнің өзінде
орын алған-тын, енді, қазақ елін басқаруға
маскәулік өкіл қойылғанда, бұл ахуал тіпті
де түзелмейді деп саналғандықтан, жастар
алаңда ұлт мүддесін осыныша елемәудің
себебін түсіндіруді талап етті.

Алайда шерушілер талабын бейбіт
тәсілмен шешуді басшылық ойына да
алмай, бұл саяси қарсылықты өкіметке
төнген қауіп ретінде бағалады. Жастарға

күш көрсетті, этносаралық қатынастарды
шиелендітіру, араздастыру әрекетін
жасады, тездетіп демонстранттар толы
алаңды әскери күшпен қоршауға алды.
Бейбіт шеруге қатысушыларға қарсы суық
су шашты, қолшоқпар, сапер күрекшесін
қолданды, әскери қызметтегі иттер
жұмсалды. Алаңға жәшік-жәшік арақ
өкелінді, басқа да қилы арандатушылық
әрекеттер жасалды. Кәсіпорындар мен
ұйымдардың орыстiлді жұмыскерлерінен
жасақтар шығарылып, олар темір
таяқтармен, кабель кесінділерімен
қаруландырылды. Содан әскерилер,
милиция, жасақшылар шерушілерді
жаппай ұрып-соқты, алаң қанға боялды,
жүздеген қыз-жігіт түрлі дәрежеде төни
жарақаттар алды, ондағаны қаза тапты.
Жастарды ұлттық белгілеріне қарап
көше-көшеден, жатақханалардан алып
кетіп жатты. Ұсталғандарды түрмелеріне
жапты, көбін жүк машиналарымен қала
сыртына апарып, құлды қоқысша, орларға
төгіп тастады. Қысқасы, демократиялық
жандарға сөнген жастар қозғалысына
отардағы құлдар бүлігі іспетті қарады.

Содан бері отыз сегіз жыл өтті.
Көтеріліске бес жыл толғанда Қазақ Рес-
публикасы мемлекеттік тәуелсіздігін жария-
лады. Оған да отыз екі жыл болды.
Аз уақыт емес. Алайда алғаш рет 20-
шы ғасырдың жүзжылдықтың басында туып,
қилы кезеңдерді бастан көшкен жаңа
тұрпатты қазақ ұлт-азаттық қозғалысына
ғасыр соңына қарай жаңа серпін берген
жастардың Желтоқсан көтерілісі осы
уақытқа шейін саяси бағасын алған
жоқ. Тіпті, көтерілісті ұмыттыру үшін,
студенттерді Тәуелсіздік күні қарсаңында
аникулға жіберу әдетке айналдырылды.

Қазіргі таңдағы Жаңа Қазақстан,
Әділетті Қазақстан құру идеясына сай,
Желтоқсанға қатысты жол берілген өсіре
сақтатқан арылған жоқ.

Көтеріліс күндері жусаты және жазалау
шараларын ұйымдастырғандар мен
жасағандар қилы асыра сілтеулері үшін
ашық онынаға тиіс.

Тәуелсіз ел қызметкеріне бұрынғы
метрополиияның көне империялық
көзқарасынан қаймықпай, Желтоқсанды
өз мәнінде мақтаныш ету ләзім. Бойынан
құлдық сана қалдықтарын шығарып
тастап, өзін және баршаны шыншыл та-
рихпен тәрбиелеуді мақсат еткені дұрыс.

Желтоқсан тарихын оқулықтарға
енгізудің, қалың жұртшылыққа барынша
насихаттаудың маңызы зор.

Осындай жолдармен өскелең ұрпақты
отанышлық рухта қалыптастыру, сөз жоқ,
еліміздің тәуелсіздігін баянды етуге келіп
болады.

Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ,
жазушы,
тарих ғылымдарының кандидаты.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Тәуелсіздік алған сөттен бастап Қазақстан қоғамның және Ұлттық практиканың сұраныстарын ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жетілдіре отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін заңнамалық тетіктерді дәйекті түрде жасайды.



СЫБАЙЛАСТЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

жоспарын әзірледі. Жоспарға сәйкес қызметкерлерді құқықтық ағартуға, заңнаманың сақталуына мониторинг жүргізуге және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шаралар кешенін қамтиды.

Осы шаралар шеңберінде Лебязье ауылдық округі әкімі аппаратының мамандары құқықтық жалпыға бірдей оқытудан өтеді, заңнамадағы өзекті өзгерістерді зерделейді және құқықтық нормалардың сақталуына өгіледі.

Халықпен өзара іс-қимылды күшейту және ықтимал бұзушылықтардың алдын алу үшін өкім аппаратында сенім телефоны жұмыс істейді, ол туралы ақпарат ауылдық округ әкімі аппаратының ресми сайтында орналастырылған.

Мағжан Жұмабаев аудан әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі және Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілінің Байланыс деректері мен қабылдау кестелері бар стэнд бар. Тұрақты негізде ауылдық округ әкімі аппаратының әлеуметтік желілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы бейнероликтер орналастырылады.

Бұдан басқа, ауылдық округ әкімі аппаратының қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында тәуекелдерге ішкі талдау жүйелі түрде жүргізіледі, кейіннен ұсынымдар әзірленеді.

Шырай ОМАРОВА,
Лебязье ауылдық округінің өкімі.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - бұл «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңында, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықпен ұштасатын немесе сыбайлас жемқорлық үшін заңдарда белгіленген тәртіптік, өкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқтыратын өзге де заңдарда көзделген іс-әрекет.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ИНДЕТ ЖОЮ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлық мемлекет пен қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіретін Қазақстан қауіпсіздігіне жүйелі қатер төндіретін құқықбұзушылық. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңның талаптары шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл түрлі салаларда жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстанның ең күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық - бұл бірден таралатын ауру. Сыбайлас жемқорлық ел экономикасына орасан зор зиян келтіріп қана қоймай, нарықтық экономиканың дамуына айтарлықтай теріс әсер етеді. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет үшін басым бағыт болып табылатын ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін оның алдын алу мақсатында елде көптеген іс-шаралар өткізіледі.

2015 жылғы 18 қарашада «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес елдің әрбір азаматының міндеті болып табылатыны атап өтілді. Бұл заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы

іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Бұл құбылысқа қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, оны тоқтатудың барлық тәсілдерін қолдану арқылы ғана тиімді қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының азаматтық борышы ретінде қаралуға тиіс.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға бой алдырмай, «Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметкерлері аудан халқының алдында адал қызмет атқарады, көсібі этиканы сақтайды. 2024 жылдың 11 айы ішінде «Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК-да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары анықталған жоқ.

Арман ҚАНАПИЯНОВ,
«Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК
комплаенс бойынша маманы.

ҚЫЛМЫС – ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ!

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отыраған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі

осы аулымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Жанзәл АМАНГЕДИНОВА,
ауданының соттың
аға сот приставы.

ИЕЛЕРІ ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАРЫНА ЖАТАТЫН ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУ

Жануардың иесіне тіркелудің бірнеше нұсқасы бар екеніне қарамастан, чиптеу процедурасы ұсынылады.



Жануарларды чиптеу - радиожиілікті сәйкестендіру мақсатында оларға бірегей нөмір беру үшін жануарлардың терісінің астына интегралды схеманы енгізу процесі.

Мемлекет халықтың осал топтарын қолдайды. Оларға негізінен еңбекке жарамсыз азаматтар (зейнеткерлер, 1, 2 топтағы мүгедектер, көп балалы азаматтар және т.б.) жатады.

Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын есепке алу үй жануарларын есепке алу қағидаларына сәйкес бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі. Ол үшін өңір бюджетінен қаражат бөлінеді. Базада мысықтың немесе итті тіркеу үшін жануардың иесінің жеке куәлігі және оған тіркелген телефон нөмірі қажет. Бұл тіркеу көзінде келетін SMS

хабарламасы үшін қажет.

Чиптеу - үй жануарлары үшін ауыртпалықсыз және қауіпсіз процедура. Ол жоғалған жануарларды табуды жеңілдетуге және олардың қауіпсіздігін арттыруға арналған.

Елена БУНКОВСКАЯ,
Мағжан Жұмабаев ауданы
ветеринариялық стансасының
ветеринарлық дәрігері.

ЕГІС

КӨКТЕМГІ ЕГІСТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАСТАЛДЫ

Елімізде Премьер-министрдің тапсырмасы бойынша фермерлердің өтініш-тілектерін ескере отырып, есі жылының 29 қарашасынан бастап 2025 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді қаржыландыру басталды.



Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының фермерлерінен келіп түсті. Қаржыландыру алғаш рет көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуден бұрын басталғанын атап өту маңызды, бұл фермерлерге тұқымды, тыңайтқышты алдын ала сатып алуға, техниканы дайындауға және барлық қажетті жұмысты сапалы жүргізуге мүмкіндік береді.

«Президенттің тапсырмасын орындау шеңберінде 2025 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына 700 млрд. теңгеге дейін бағытталды, оның 560 млрд. теңгесі капиталдың нарықтық көздерінен тартылатын болады. Бүгіннен бастап «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ жылдық 5 пайыз деңгейінде жеңілдікті сыйақы мөлшерлемесімен «Кең дала-2» бағдарламасы бойынша қаржыландыру тетігі іске қосылды», - делінген хабарламада.

684 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден шамамен 82 млрд. теңге сомаға өтінімдердің жалпы пулы қалыптастырылды, оның ішінде 176 өтінім қабылданды. Тағы 509 өтінім бойынша 59,9 млрд. теңгеге құжаттар жиналады. Өтінімдердің басым көпшілігі

жадел қаржылық қолдау алады. Бұдан басқа, қарыздарды ресімдеу үшін де, оларды кейіннен өтеу үшін де жүгінуге болатын қаржы институттарының саны ұлғайды. Қаражатқа екінші деңгейлі банктер, несиелік серіктестіктер, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары және Аграрлық несие корпорациясы арқылы қол жеткізуге болады.

Өтінімдер беру үшін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның жақын маңдағы өңірлік филиалдарына жүгінуге қажет. Қосымша ақпаратты «Agrocredit.kz» сайтынан алуға болады және «Kcell», «Activ», «Beeline» абоненттері үшін 5353 «Call center» нөмірі, «Tele 2», «Altel» үшін 8-701-006-19-91 телефон нөмірі жұмыс істейді.

Әсет ҚАНАФИН.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТТІК МҮЛІКТІ МАҚСАТСЫЗ ПАЙДАЛАНҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Бұл ретте, мемлекеттік мүлік ұғымы бар, оның түрлері 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының №413-IV Заңының 2 бабында ашылып, республикалық және коммуналдық түрлеріне бөлінеді.

Бұл мақалада біз Әдеп кодексінің нормаларын сақтау призмасы арқылы мемлекеттік мүлікті мақсатсыз пайдаланғаны үшін мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін қарастырамыз.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңға сәйкес, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган шағымдарды қарайды және мемлекеттік қызмет, мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметтер орындату және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп саласындағы заңнаманың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Мүлік - бұл кез-келген жеке тұлғаның, заңды тұлғаның немесе қоғамдық - құқықтық құрылым меншігіндегі заттардың жиынтығы.

Әдеп кодексінің 6 - тармағының 8) - тармақшасының талаптарына сәйкес, мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік мүлікті тек нысаналы мақсаты бойынша, лауазымдық міндеттерін және рұқсат етілген қызмет түрлерін орындау үшін пайдалануы тиіс.

Көбінесе, іс жүзінде, бұл мемлекеттік органдарға бекітілген қызметтік автокөліктерді нысаналы мақсатсыз, жеке мақсатта пайдалануына қатысты.

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік мүлік ретінде қызметтік автокөлікті нысаналы мақсатсыз пайдаланған кезде мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттары бұзылады.

Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп

кодексінің 12 тармағына сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарын бұзуы мемлекеттік қызмет саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғады.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті қызметтік автокөлікті нысаналы мақсаты бойынша пайдалануды тұрақты мониторингін жүргізеді.


Ағымдағы жылы Департаменттің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының қызметкерлері полиция департаментінің автокөлік құралдарын тіркеудің автоматтандырылған жүйесінің деректерін пайдалана отырып, автокөлік құралдарын қызметтен тыс мақсаттарда пайдалануды анықтау бойынша тәжірибені

алғаш рет қолданды.

Бекітілген жүргізушілердің қызметтік автокөліктерді пайдалану жағдайлары анықталады, олар еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылады, өйткені олар шарттық міндеттемелерге сәйкес материалдық жауапты тұлғалар болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік мүлікті нысаналы мақсатсыз пайдалануа көрсетілген әдеп нормаларын бұзған жағдайда, Сіз Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаментінің сенім телефонына 8-7152-46-58-89 нөмірі бойынша жүгіне аласыз.

Бақыт ЖАНБӨЛІВ,
Мемлекеттік қызмет агенттігі
департаментінің мемлекеттік қызмет
саласындағы бақылау басқармасының
басшысы.



Дүйсенбі, 16 желтоқсан	Сейсенбі, 17 желтоқсан	Сәрсенбі, 18 желтоқсан	Бейсенбі, 19 желтоқсан	Жұма, 20 желтоқсан	Сенбі, 21 желтоқсан	Жексенбі, 22 желтоқсан
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 TANSHOLPAN. 10.00 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 11.10 Д/Ф. 12.00, 01.20 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.10 ТӨУЕКЕЛ. 13.45 ДАЛА ДӘМІ. 14.00 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЫНДАР АЙТЫСЫ. 16.25, 02.50 «ЖОШЫ ХАН», Д/Ф. 17.00, 00.45 АҚПАРАТ. 17.20, 02.25 АТАМЕКЕН. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 20.00 КОНЦЕРТ. 22.15 «УЛЫ ДАЛА ТАҒЫ», Х/Ф. 03.25 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.10, 02.55 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.30, 04.10 АТАМЕКЕН. 14.10, 00.55 ҚОС ПАЛАТА. 14.10 АҚОРДА. 14.25, 01.35 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 15.00 Т/Х «КАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 01.55 САНА. 04.50 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.20 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.10, 03.05 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.30, 04.10 АТАМЕКЕН. 14.10, 00.55 ҚОС ПАЛАТА. 14.30 ФРАНКУРТ ЖӨРМЕНКЕСІ: ҚАЗАҚ БАСПА ІСІНДЕГІ СЕРПІЛІС. 14.45, 04.35 АҚСАУЫТ. 15.00 Т/Х «КАРА ШАҢЫРАҚ». 16.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 20.30, 01.20 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 02.05 САНА. 04.55 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.10, 02.45 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.30, 04.20 АТАМЕКЕН. 14.10, 03.50 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 14.45 ПАРИЖ ТӨРІНДЕ: УЛЫ ДАЛА ЖАУАБЛАРЫ. 15.00 Т/Х «КАРА ШАҢЫРАҚ». 16.00, 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «1001 ТҮН». 01.45 САНА. 04.45 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖӨДІГЕР». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.30 АҚПАРАТ. 07.00 TANSHOLPAN. 10.10 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.10, 02.25 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.30 ЖАНАШЫЛ ЭКОНОМИКА. 14.10 ҮНСІЗ ӘЛЕМ. 14.35, 03.30 АТАМЕКЕН. 15.00 Т/Х «КАРА ШАҢЫРАҚ». 16.00 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 17.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 20.30, 00.35 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 22.35 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 00.05, 03.55 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 01.25 САНА. 04.25 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.05 АУЫЛДАСТАР. 06.30, 17.00, 23.40 АҚПАРАТ. 07.00, 01.30 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 07.50, 03.25 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 09.00, 00.40 ТЕЛЕДӨРІТЕР. 10.00 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.00 КОНЦЕРТ. 13.30 М/Ф. 14.55 ДАРА БАЛА. 16.20, 02.45 ҮНСІЗ ӘЛЕМ. 17.20, 00.00 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 00.20 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 20.00 «АВАТАР», Х/Ф. 22.40 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 02.15 АТАМЕКЕН.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӨДІГЕР. 06.25, 04.05 «АУЫЛДАСТАР». 06.50 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 07.40 М/Ф. 08.40, 16.25, 21.00 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 09.35 АҚСАУЫТ. 10.00 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.00 «АВАТАР», Х/Ф. 15.00 М/Ф. 16.50, 02.00 АТАМЕКЕН. 17.20, 02.30 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 20.00, 00.55 АПТА. 20.50, 01.45 АҚОРДА. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «16 ҚЫЗ», Х/Ф. 03.00 «КУМИС КӨМЕЙ». 03.45 АҚСАУЫТ.

Дүйсенбі, 16 желтоқсан	Сейсенбі, 17 желтоқсан	Сәрсенбі, 18 желтоқсан	Бейсенбі, 19 желтоқсан	Жұма, 20 желтоқсан	Сенбі, 21 желтоқсан	Жексенбі, 22 желтоқсан
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 10.00, 22.00 «СТРАННАЯ ЖИЗНЬ ТИМОТИ ГРИНА», Х/Ф. 12.00 «МУСТАФА ШОҚАЙ», Х/Ф. 15.00, 20.15 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 17.00 ТАМАША. 17.30 Д/Ф. 18.00 МУЗЫКАЛЬНЫЙ СБОРНИК. 19.00 КОНЦЕРТ. 00.00 АЛҒАШҚЫ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ИСЧЕЗНУВШАЯ». 11.30 ТАМАША. 12.00 COVER SHOW. 13.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 16.00, 00.00 Т/С «МАЖОР». 18.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 21.45 Т/Х «ДОС ПЕН ДУШПАН». 22.45 Т/С «ДУРЬ». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ИСЧЕЗНУВШАЯ». 11.30 ТАМАША. 12.00 COVER SHOW. 13.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 16.00, 00.00 Т/С «МАЖОР». 18.00 КӨЗҚАРАС. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 21.45 Т/Х «ДОС ПЕН ДУШПАН». 22.45 Т/С «ДУРЬ». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ИСЧЕЗНУВШАЯ». 11.30 ТАМАША. 12.00 COVER SHOW. 13.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 16.00, 00.00 Т/С «МАЖОР». 18.00 БІЗДІң НАЗАРДА. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ИТОГИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 21.45 Т/Х «ДОС ПЕН ДУШПАН». 22.45 Т/С «ДУРЬ». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ИСЧЕЗНУВШАЯ». 11.30 ТАМАША. 12.00 COVER SHOW. 13.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 16.00, 00.00 Т/С «МАЖОР». 18.00 КӨЗҚАРАС. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ТАЛҚЫ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 21.45 Т/Х «ДОС ПЕН ДУШПАН». 22.45 Т/С «ДУРЬ». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 «МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР». 06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 08.30 ӨЗ ЕЛІМ. 09.05 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 09.35 НЕОСЕТЬ. 10.00 М/Ф. 11.25 М/Ф «ПАНДА И КНИВИ». 12.00, 21.45 «КОДЕКС ВОРА», Х/Ф. 14.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 15.30 «СЕМЬЯНИН», Х/Ф. 17.15 ТАМАША. 17.45 АСЫЛ ДОМЫРА. 19.00 COVER SHOW. 21.00 7 КУН. 23.45 ОЙНАIQ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 МӨРТЕБЕЛІ ӨНЕР. 06.30 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 09.00 ЖЕРҮЙІК. 09.30 М/Ф. 10.45 М/Ф «ТВОРЦЫ СНОВ». 12.00, 23.15 «ОГРАБЛЕНИЕ: КОД 211», Х/Ф. 14.00 COVER SHOW. 16.00 «ПРИТВОРИСЬ ВТОРОЙ ЖЕНОЙ», Х/Ф. 17.45 ОЙНАIQ. 18.45 КОНЦЕРТ. 21.00 7 КУН. 21.45 ҚЫЗЫҚ TIMES. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 16 желтоқсан	Сейсенбі, 17 желтоқсан	Сәрсенбі, 18 желтоқсан	Бейсенбі, 19 желтоқсан	Жұма, 20 желтоқсан	Сенбі, 21 желтоқсан	Жексенбі, 22 желтоқсан
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
ДЕНЬ НЕЗАВИСИМОСТИ 06.00 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 08.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 09.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.00 Т/С «ИГРА В СУДЬБУ». 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА». 04.10 ҮШҚАЛАҚ.	06.00 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 07.00, 19.00 KÖREMİZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.00 Т/С «НЕ РАСКРЫТЫЙ ТАЛАНТ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА».	06.00 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 07.00, 19.00 KÖREMİZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.00 Т/С «НЕ РАСКРЫТЫЙ ТАЛАНТ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА».	06.00 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 07.00, 19.00 KÖREMİZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.00 Т/С «НЕ РАСКРЫТЫЙ ТАЛАНТ». 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЛИХАЧ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА».	06.00 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ДОМ С ЛИЛИЯМИ». 13.00 Т/С «НЕ РАСКРЫТЫЙ ТАЛАНТ». 14.00, 02.20 НОВОСТИ. 14.15, 02.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.35 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «ЛИХАЧ». 00.25 «МОЛОДОЙ», Х/Ф. 02.45 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА». 04.00 ҮШҚАЛАҚ.	06.00 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 08.00 П@УТИНА. 09.00 ҚАЙМАҚ. 09.40 ПОЕХАЛИ! 10.40 «КОЛДОВСКОЕ ОЗЕРО», Х/Ф. 12.45 «ПО ПРАВУ ЛЮБВИ», Х/Ф. 17.00 ТОЧЬ-В-ТОЧЬ. 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00, 02.50 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 21.00 Т/С «ПЕРСОНАЛЬНЫЙ АССИСТЕНТ». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.20 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА». 04.10 ҮШҚАЛАҚ.	06.00 Т/Х «ВЕЧНОСТЬ». 08.00 П@УТИНА. 08.50 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 09.15 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.20 Д/Ф. 09.25 «ЕЛЕНА ПРЕКРАСНАЯ», Х/Ф. 13.25 «ПО ПРАВУ ЛЮБВИ», Х/Ф. 17.40 «СО ДНА ВЕРШИНЫ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «ПЕРСОНАЛЬНЫЙ АССИСТЕНТ», Х/Ф. 01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.50 Т/Х «ИСПАНСКАЯ ПРИНЦЕССА».

Серт адамды байлайды,
Ер жігіт серттен таймайды.
Жамбыл ЖАБАЕВ.
Заң дегеніміз – нұқта.
Шерхан МҰРТАЗА



БАЙҚАУ

4 желтоқсан күні Петропавл қаласындағы «Digital Urag» Оқушылар сағатында «RoboTime» атты робототехника бойынша облыстық жарыс өтті, оған біздің ауданнан Қарақоға ОМ, Сарытоमार ОМ және Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының командалары қатысты.

«ROBOTIME»

РОБОТОТЕХНИКА ЖАРЫСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ



Жарыстың мақсаты робототехниканы дәріптеу, конструкторлық қызметті, ақпараттық мәдениет пен техникалық шығармашылықты дамыту болып табылады. Сайыста робототехниканы меңгеріп жүрген облыстағы білім беру мекемелерінің, ұйірмелердің, клубтардың командалары мен жеке қатысушылары бақ сынасты. Дарынды оқушылар жарыста дәрірінің шеберліктерін, техникалық дайындықтарын және командада жұмыс істей білу қабілеттерін көрсетіп, «Эстафета – Қадамдағыш робот», «Кегельринг-квадро», «Сызық бойымен жарыс», «СУМО 15х15», «Робо Асық ату» санаттары бойынша сынға түсті. Интеллектуалды байқау қорытындысы

бойынша Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының оқушылары Жандос Тилаганов пен Матвей Атиев «СУМО 15х15» санатында 1-ші орынды жеңіп алса, Данил Кулик пен Алексей Квазиборский «Сызық бойымен жарыс» санатында 2-ші орынды иеленді. Ұйымдастырушылар жеңімпаздар мен жүлдегерлерді дипломен марапаттады. Мағжан Жұмабаев ауданының намысын қорғаған барлық қатысушыларға табандылықтары, шығармашылық көзқарастары және жеңіске деген құлшыныстары үшін алғыс айтамыз! Мағжан Жұмабаев ауданының Білім Бөлімі.

МЕКТЕП ТЫНЫСЫ

ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ!

Жуырда Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепте «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» атты ашық тәрбие сағаты болып өтті. Табиғатты аялау, оған көңіл бөлу, таза ұстау, зиян келтірмеу, аманатқа қиянат жасамау – әрбір адамзаттың міндеті болып саналады.



Тәрбие сағатында 10-шы сынып оқушылары табиғаттың ластану себептері мен қорғау салдарын талқылап, экологиялық мәдениет пен жауапкершілікке шақырды. Тәрбие сағатын Жанель Мұқанова мен Самира Жұмабек жүргізіп, оқушылар үш топқа бөлінді: 1-ші топ: «Жасыл орман» деп аталса, 2-ші топ: «Таза су», ал 3-ші топ: «Көк аспан» атауын иеленді. Әр командадан капитан тағайындалып, олар өз топтарының намысын қорғады. «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» тақырыбы бойынша бейне көрген оқушылар өз ой-пікірлерін ортаға салып, көзқарастарымен бөлісті. Топтардың екінші тапсырмасы постер құрастыру, яғни топқа постер тақырыбы беріліп, онда негізгі мәселе ластану себептерін ашу және бұл олқылықты шешу салаларын түсіндіріп көрсету қажет болды. Ортаға шыққан топтар жауабын түсіндіріп, шынайы өмірден алынған мәселелерді мысалға алады. Соңғы тапсырмаға келсек, топтарға мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру және топтарға арнайы сұрақтар дайындалды. Қатысушылар мақалдардың әрқайсысының мағынасын аша отырып, табиғат келілін сақтау факторларын, қорғау жолдарын ұсынды.

«Табиғат – біздің ортақ үйіміз, оны сақтау біздің жауапкершілігіміз. Әрқайсымыз табиғатқа қамқорлық жасап, болашақ ұрпаққа таза әлем қалдыруымыз керек», - деген қорытынды сөздерімен тәрбие сағаты аяқталды. Аталмыш іс-шараға мектеп директоры Е.О. Жекенов, оқу ісінің меңгерушісі Г.Д. Хозина, тәрбие ісінің меңгерушісі Ж.А. Бұхарбаева, сынып жетекшілер А.Ж. Якубова және Ж.М. Шаймерденова қатысып, оқушылардың белсенді қатысуына және табиғатты қорғау білімдеріне жоғары баға берді. Әсіресе, С. Шынтемірова, А. Баймұрат, А. Халел, А. Амренова, Г. Тилаганова сынды оқушылар осы шараға белсенді қатысты. Сабәқ соңында оқушыларға табиғатқа қамқорлық жасау жөнінде жадынама таратылды. Қорытындылай келе, «Табиғатсыз адамзаттың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» деп халық даналығында айтылғандай, табиғатты қорғау – біздің міндетіміз, болашақ ұрпаққа қалдырар байлығымыз. Сондықтан табиғатты жанашыры болу – әр адамның міндетті борышы екенін біліп жүрейік!

Айнаш ДАНИЯРОВА
10-шы сынып жетекшісі.
Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп.

СПАРТАКИАДА

ТОҒЫЗ ҚҰМАЛАҚ ЖАРЫСЫ

6 желтоқсан күні Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектепте Булаев қаласының кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері қызметкерлері арасында салалық спартакиада бағдарламасы аясында тоғыз құмалақтан жарыс болып өтті.



Ойын қорытындылары бойынша орталық аудандық аурухананың құрама командасы чемпион атанды. Балалар-жасөспірімдер спорт мектебімен бірлескен дене шынықтыру және спорт бөлімінің командасы күміс жүлдені иеленсе, ҚР ҰҚК Шекара қызметі СҚО бойынша департаментінің «Мағжан» шекара бөлімінің ұжымы қола медальды ұтып алды.

Еске салар болсақ, спартакиада аясында келесі жарыс үстел теннисі бойынша өтетін болады. Қанат МҮСАТАЕВ, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.

САҚ ТІЛЕК

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Булаев қаласында тұратын сүйікті немерем, аяулы қызымыз, ардақты бауырымыз ОЙНАРБЕК МӨЛДІР АСАНҚЫЗЫН туған күнімен құттықтаймыз! Балдай тәтті немеремді, асыл қызымызды, бауыр-мал бауырымызды төл мерекесімен құттықтап, болашақ өміріне ақ жол тілейміз. Аяулымызға тілеріміз, мектепте терең білім алып, бәрімізді жетістіктерімен қуанта бер, балалық шағыңның әр сәті қуанышқа толы болуын Алла нәсіп етсін. Сүйкімді де ақылды қыз болып бойжетуіңе, замандастарыңның алды болуыңа тілектеспіз. Әр туған күніңді мықты денсаулықпен, жақсы табыстармен арамызда қарсы ала бер демекпіз! Өмірде қуанышты күнің бүгін, Болсыншы қызық-дулаң әрбір күнің. Ақкөңіл, ақылды бала бер деп, Мол бақыт тілейміз біз саған бүгін.



Ақ тілекпен: әжесі Айнаш, ата-анасы, бауырлары.

БАРШАҢЫЗҒА АЛҒЫС АЙТАМЫЗ!

Жуырда біздің отбасында қайғылы оқиға орын алып, үйден өрт шықты. Булаев қаласының №12 өрт сөндіру бөлімі қызметкерлерінің арқасында тілсіз жау құрықталып, уақытында сөндірілді. Дегенмен, өрт үйді қабырғаларына, жиһаздарға, еден мен терезелерге, тұрмыстық жабдықтарға зиян келтіріп, олардың бәрі жанып кетті. Бірақ жаны жомарт жандардың арқасында біздің жаңуға жан-жақтан қайырымдылық және материалдық көмек көрсетіліп, қазір үйді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Осы ретте, «Ауылға көмек» ұйымына, ауданның аналар кеңесіне, «Мағжан» шекара бөлімінің, аудандық аурухана мен емхананың, Возвышенка мен Қарақоға дәрiгерлiк амбулаторияларының, «Балдоурен» балабақшасының ұжымдарына, аудандық мемлекеттік органдардың жүргізушілеріне, Булаев қаласының, Қарақоға, Құралай, Дүйсеке, Полудино, НПС ауылдарының тұрғындарына біздің отбасына қол ұшын созып, қолдау білдіріп жатқандарына шынайы алғыс білдіреміз. Сондай-ақ барлық құдалары, көршілер мен жора-қолдастарға, Астана, Алматы, Шымкент, Ақтау, Петропавл қалаларында тұратын ағайын-туыстар мен жерлестерге бүгінгі күнге дейін жалғасып жатқан көмектері үшін шын жүректен алғыс айтамыз. Осы аталған жандардың күнделікті қаржылық қолдауының арқасында қазір біз үйдің қалпына келтіріп, жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Жаратқан баршалаарыңызға амандық-саулық, бақ-береке, игілік пен қуаныш берсін. Баршалаарыңызға үлкен рахмет айтамыз. Жанпейсiсiтер отбасы.

Психологиялық көмек ТЕЛЕФОНЫ

- балаларға,
- жасөспірімдерге
- және олардың ата-аналарына арналған

Тегін психологиялық кеңестер, ақпараттық көмек, құқықтық қолдау.

Анонимді психологиялық кеңестер, ақпараттық көмек, құқықтық қолдау.

Күніне түрде психологиялық кеңестер, ақпараттық көмек, құқықтық қолдау.

Қолжетпеді кезек күттіріледі, қолдау, ақпараттық көмек, құқықтық қолдау.

8 800 080 81 50

Директор - бас редактор Нәзім ГОНЧАР	Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым нөмірі: 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz	Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады	«Magjan Zhuldzy» газеті редакцияда терісін беттеседі. «Советский Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл қ., Кошунь к-сі, 5 үй). Таралымы - 555	Газет аудан әкібінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуді реттеп басылым болып табылады
---	---	---	---	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г құрамына алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің міндетіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады